

Н. Байтенова¹, **Қ. Затов²**, **Д. Кокеева^{1*}**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: dariga.kokeyeva@kaznu.edu.kz

ІЛКІ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЕЖЕЛГІ ҮНДІЛЕРДІҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚТАР

Адамзаттың қоршаған ортаны тануы мен рухани игеруінің бастамасы болып табылатын мифологиялық дүниетаным мен “мифология тілін” салыстырмалы зерттеу қазіргі халықтардың архаикалық ой өрісі мен рәміздік универсумындағы ортақ тұстарды айқындауға мүмкіндік береді. “Мифология тілі” дүниені образды-рәмізділік тұрғыда бейнелей отырып, адам болмысы мен ғарыш тіршілігінің ырғағын синхрондауға ұмтылады. Осылайша, адам мен табиғаттың өзара тұтасуы, ғарыштың рухтануы мен мифологиялық сананың ғарыштануы жүзеге асады. Сонымен қатар ежелгі үнді және ілкі қазақ мифологиясына құрлымдық талдау осы халықтардың әлемді тануы мен рухани игеруіндегі сабақтастықты пайымдауға мүмкіндік береді. Исламға дейінгі ілкі қазақ дүниетанымының архетиптік бастаулары тәңір діні, шамандық культтерде адам мен ғарыштың тұтастығы әмбебапты образды-рәміздік сипатта көрініс табады. Орталық Азия аймағында ислам өркениетінің таралуы мен діни сана мен болмыста исламның басымдылығы орын алған жағдайда көне наным-сенімдер әртүрлі ырым-жоралғылар, этностық ритуалдар мен рәсімдер сипатында сақталып қалады. Дегенмен аталған тұрмыстық феномендерді құрлымдық-лингвистикалық, герменевтикалық талдау олардың негізінде жатқан этноменталды архетиптердің қазіргі халықтардың рухани ұстанымдары мен құндылықты бағдарларындағы орны мен маңызын айқындауға жол ашады.

Түйін сөздер: архетип, мифология, ритуал, діни сана, рухани құндылықтар.

N. Baitenova¹, K. Zatov², D. Kokeyeva^{1*}

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: dariga.kokeyeva@kaznu.edu.kz

Synchronisms in the mythological worldview of the proto-Kazakhs and ancient Indians

A comparative study of the mythological worldview and the “mythological language” of modern peoples allows us to trace the general points inherent in archaic thinking and the symbolic universe of mankind as a whole. Expressing the world figuratively and symbolically, the “mythological language” synchronizes the rhythms of human existence and the cosmos, thus there is an interpenetration of man and nature, the animation of the cosmos and the cosmization of mythological consciousness. An analysis of cosmological, anthropological and sociogenetic representations in ancient Indian and proto-kazakh mythology makes it possible to comprehend the common patterns of world outlook and spiritual development of the world of the two peoples. Pre-Islamic archetypes of the proto-Kazakh's worldview find their expression in Tengrianism and the cult of shamanism. These beliefs are characterized by a figurative and symbolic understanding of the unity of the world and man. During the period of the spread of Islamic civilization in Central Asia and the dominance of Islam in the religious consciousness, ancient beliefs continue to exist in the everyday life of peoples in the form of various superstitions and prohibitions, rituals and customs. However, the structural-linguistic and hermeneutic analysis of these phenomena of everyday life makes it possible to highlight the role and significance of ethno-mental archetypes in the spiritual attitudes and value orientations of modern peoples.

Key words: archetype, mythology, ritual, religious consciousness, spiritual values.

Н. Байтенова¹, Қ. Затов², Д. Кокеева^{1*}

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Египетского университета исламской культуры Ну-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: dariga.kokeyeva@kaznu.edu.kz

Синхронизмы в мифологическом мировоззрении протоказахов и древних индийцев

Сравнительное изучение мифологического мировоззрения и “мифологического языка” современных народов позволяет проследить общие моменты присущие архаическому мышлению и символическому универсуму человечества в целом. Выражая мир образно-символически “мифологический язык” синхронизирует ритмы бытия человека и космоса, таким образом происходит взаимопроникновение человека и природы, одушевление космоса и космоизация мифологического сознания. Структурный анализ древнеиндийской и протоказахской мифологии позволяет осмыслить единные паттерны миропознания и духовного освоения мира двух народов. Доисламские архетипы мировоззрения протоказахов находят свое выражение в ранних формах религии, а также в тэнгрианстве и культе шаманства. Этим верованиям характерно образно-символическое осмысление единства мира и человека. В период распространения исламской цивилизации в Центральной Азии и господства ислама в религиозном сознании древние верования продолжают существовать в обыденной жизни народов в виде разных запретов, ритуалов и обычаев. Однако структурно-лингвистический и герменевтический анализ данных феноменов повседневного быта, а также глубинного пласта религиозного сознания позволяет высвечивать роль и значение этноментальных архетипов в духовных установках и ценностных ориентирах современных народов.

Ключевые слова: архетип, мифология, ритуал, религиозное сознание, духовные ценности.

Кіріспе

Қазіргі заманғы халықтардың менталитеті мен діни санасы көп қатпарлы әрі күрделі, өйткені олардың дүниетанымында, рухани құндылықтары мен болмыстыққа қатынасында рационалды және иррационалды, саналы және бейсаналы элементтер, архетиптік образдар мен танымдық ұғым-түсініктер өзара қабаптасып жатады. Осы қабаптардың өзара әрекеттесуі халықтың рухани өмірі мен күнделікті тұрмысында, индивидтердің қоршаған орта мен өзін түсінуінде және қалыптасқан шындықты қабылдауы мен бағалауында және сонымен қатар осы шындықта бағдарлануында маңызды рөл атқарады. Мәселен, ежелгі дүние суреттемелері, космологиялық, антропологиялық түсініктер мен наным-сенімдер қазіргі адам психикасының бейсаналық немесе түпсаналық қабатын құрай отырып, оның рухани-экзистенциялық ізденістерінде көрініс береді және сол арқылы адамның шындыққа (табиғи-әлеуметтік) деген қатынасын, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын анықтайды.

Тақырыптың негіздемесі және мақсаты мен міндеттері

Қазіргі заманғы халықтардың ежелгі наным-сенімдері мен мифологиялық түсініктерін зерттеу осы халықтарға тән дүниетанымдық, құндылықты ерекшеліктермен қатар ұқсас және ортақ

тұстардың да бар екенін аңғартады. Мәдениеттің терең қабаптары сананың дүниемен байланысына дәнекер болатын бейсаналық «менталды құрылымдарды» қамтиды. «Менталдық деңгейде бейсаналы пайда болатын өзгермейтін іргелі құрылымдар әлеуметтік өмірге енеді. Бейсаналықты рәміздеудің түрлері метафора (греч. метафора – сөздің ауыспалы мағынасы) – ортақ белгі негізінде бір құбылыстың қасиеттерін екіншісіне ауыстыру) және метонимия (аралас мағыналығына байланысты бір сөзді басқасымен алмастыру) болып табылады» (Яблоков, 2000 : 96).

Ежелгі халықтардың ойлауы мен дүниетанымына тән ортақ нышандарды ғалымдардың бір тобы тұрмыс-тіршіліктің ұқсастығымен, яғни материалдық, шаруашылық-экономикалық факторлармен байланыстырады. Алайда, қазіргі салыстырмалы лингвистика мен тілтану, психоанализ бен структурализм тәрізді ғылым салалары адамзаттың менталдық-рухани құрылымдарындағы, ойлау мен түсінуіндегі ортақ тұстардың маңыздылығын алға тартады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланың ғылыми әдіснамалық негізін жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы талдау, логикалық және теориялық, тарихи әдіс, диахронды және синхронды талдау әдістері құрайды. Сонымен қатар, зерттеу барысында

шетелдік және отандық зерттеушілердің тақырыпқа қатысты пікірлері ғылыми негіз және дереккөзі ретінде келтіріледі. Сондай-ақ, мәтіндер герменевтикалық және салыстырмалы, стилистикалық зерттеу әдістерімен талданады. Зерттеу барысында діни-философиялық идеялардың дамуын және олардың үнді дүниетанымының рухани өміріне әсерін зерттеу үшін тарихи талдау әдісі қолданылады.

Негізгі бөлім

Қазақ және үнді халықтарының мифологиялық дүниетанымындағы синхронизмдер

Мифологиялық дүниетаным ерекшелігін зерттеген ғалымдар оның синкреттілігі, образдылығы, ұжымдылық және қисындылықтан тыс сипаты, метафоралығы сияқты ерекшеліктерін атап көрсетеді. Француз ойшылы Л. Леви-Брюль мифологиялық ойлауды прагматикалық деп атайды. Бұл ойлау тәсілінде дүниедегі себеп-салдар байланысы мистификацияланған формада көрініс береді, ал құбылыстар мен оқиғаларды түсіндіру партиципация негізінде жүзеге асады. Прагматикалық ойлауда партиципация мен қатар аналогия маңызды орын алады. Аналогия бинарлы оппозицияларды (күн және түн, жарық және қараңғы, ыстық және суық және т.б.) ажыратуға мүмкіндік береді. Ал үштік құрлым (тринитарлы) жоғарғы, ортаңғы және төменгі деңгейлерді ажыратады. Бұл горизонталды және вертикалды байланыстар мен қатынастарды жүйелеудің алғышарттарын қалыптастырады. Горизонталды байланыстар мен қатынастар дуалды, ал вертикалдылар – тринитарлы болып келеді. Дуалды байланыстар мен қатынастар осы дүниелік құбылыстар мен оқиғаларды, ал тринитарлылар – тылсым дүние сырларын сипаттайды. Кейін бұл сандық қатынастар күрделене түсіп, сапалық мазмұнға ие бола бастайды. Айталық, үш аяқты жануар толымсыздықты, кемшілдік пен әлжуаздықты, ал үш басты айдаһар керісінше, қуат пен күшті сипаттайды.

Мифологиялық дүниетаным мен көне наным-сенімдер жүйесі адамзаттың ойлауы мен рухани-менталды қабаттардың бір қайнардан бастау алатынын аңғартады. Дүниенің материалдық бірлігі мен тұтастығы ғылыми таным үшін маңызды болса, адамзаттың ойлауы мен рухани-менталдық бірлігі мен тұтастығы гуманитарлық таным үшін соншалықты маңызды болмақ. Ежелгі халықтардың, соның ішінде үнді және түркі халықтарының мифологиялық дүние суреттемесінде әлем үш, жоғары, ортаңғы және

төменгі деңгейлерден тұрады. «Космология адамның тұтастық туралы метафизикалық сұрағының шеткі формасы» (Максименко, 2001: 14).

Мифтік космология адамның өзін қоршаған ғарышты тұтастық сипатында түсініп, дүниенің “бастауы” мен “соңы”, оның құрылымы мен бөліктері арасындағы байланыстары туралы “тұрпайы” пайымдауларын жүйелеуге деген талпынысын бейнелейді. Мифте адам өзінің ғарышпен тұтастығын рәміздік-образды формада үнемі қайта жаңғыртады, себебі бұл оның өз тіршілігін қайткенде де сақтау инстинктімен байланыстырып отырады. Бұл адамның болмыстың шекті сипатын сезінуінен және өлім үрейінен айырылу қажеттілігінен туындайды.

Ежелгі үнді мифологиясында алғашқы шексіз судан әлемді жаратушы құдай – брахман туындайды. Үнді мифологиясы әлемнің үнемі талқандалуы мен қайта пайда болуы туралы түсінікті қалыптастырады. Ғарыш белгілі бір кезеңдерден өткен соң талқандалып ыдырайды, ал оның ыдыраған элементтерінен жаңа әлем пайда болып отырады. Үнді дүниетанымында ғарыш пен адамның, макрокосмос пен микрокосмостың арақатынасы Брахман мен Атманның байланысы арқылы сипатталады. Брахман шексіз абсолют, ғарыштың пайда болуы мүмкіндігінің қажетті себебі, ол барлық заттар мен мәндердің бар болуының шартсыз бастауы. Сібір мен Алтайды ежелгі түркі халықтарының мифтерінде әлемнің үш бөлігі: жоғарғы, ортаңғы және төменгі немесе жер асты әлемі туралы айтылады. Барлық халықтардағы тәрізді көне түркі халықтарында су стихиясы болмыстың алғыбастау ретінде сипатталады. Көне түркілік мифтің бір нұсқасында «Аспан да, жер де болмағанда тек жалғыз Үлген бар еді. Ол шексіз теңіз үстінде қалып жүрді», – деп айтылады (Львова и др., 1988: 18).

Көне түркі және үнді мифологиясын салыстырмалы талдау осы халықтардың ежелгі дүниетанымындағы архетиптердің ұқсастығын аңғартады. Сонымен қатар, аталған дүниенің жаратылуы туралы мифтерде космологиялық, теогониялық, антропологиялық сипаттамалардағы сабақтастықтар мен үндестіктер адамзат мәдениетінің прототарихи кезеңіндегі дүниені түйсінуі мен ойлау тәсіліндегі ортақ заңдылықтарына негізделеді. Барлық ежелгі халықтарда кездесетін және көне түркі және үнді мифологиясындағы осындай ортақ архетиптік рәміз – “ғаламдық тау” немесе үш әлемді байланыстырып тұратын “ғаламдық ағаш” – бәйтерек. Үнді және буддалық мифтерде Меру тауы әлемді бай-

ланыстыратын әлем орталығы немесе кіндігі ретінде сипатталады.

Күн сәулесінен жарқырайды оның шыңдары,
Ол аңдардың мекені, жасыл желең баурайы.
Тоғайлары ну орман, құстары оның сайраған,
Өзен суы тасыған, көлдері мөлдір бұлақтан.
Күнәсі бар пенделер жете алмас оған ешқашан,
Ар ұяттан аттаған, сенімін ұмыт қалдарған
Өңін қойып түсінде көре алмас оның шыңдарын
(Мағыналы аударма З.Қ)
(Топоров, 1980: 311-315).

Көне түркі мифологиясындағы таулар да осындай қызмет атқарады, яғни әлемдерді байланыстырушы, белгілі бір ғаламның орталығы, кіндігі болып табылады. «Ғаламдық тау», «ғаламдық таудың киелі шыңы», таудағы үңгір «баба құрсағы» арқылы адам баласы Аспанмен және Тәңірмен байланыса алады, яғни жасампаздық акт осы Ғаламдық өзектің (осінің) тұрпаттары нақтыланған табиғи нысандары арқылы өткеріледі. Осындай мифтік танымдар мен түсініктердің негізінде, арқауында таудың «киелілігі», «қасиеттілігі» пайда болады» (Қортабаева, 2019: 50).

Ежелгі халықтардың дүниетанымында тау – құдайлардың мекені, сондықтан атаулы құрбандық шалулар осындай жерлерде орындалады. Жер шарының түрлі аймақтарында кездесетін пирамидалар мен зиккураттар – адамдардың құдайлармен байланысқа түсетін қасиетті орындары. Таулар туралы мифологиялық түсініктер кейінгі әлемдік діндерде сақталады, мысалы қасиетті Құранда «Тауларды қазық қылып қақпадық па?» («Нәба» сүресі, 7-аят); «Жерді теңселтпесін деп мығым таулар орналастырдық» («Әнбия» сүресі, 31-аят) делінеді. Сонымен қатар пайғамбарларға түскен уахиде таумен байланыстырылады, Мұса пайғамбар Синайдағы Тұр тауында Жаратушымен байланысқа түседі, ал Мұхаммед пайғамбарға (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Құранның алғашқы аяттары Нұр тауының Хира үңгірінде түседі. Тау архетипі алғашқы қауым адамының санасында қатал табиғаттың тосын құбылыстары мен жауларынан жасырынатын орны ғана емес, сонымен қатар өмір бастауын, жарық дүниеге ашылған саңылауды білдіретін рәміздік мәнге ие болады. Сакралды тау рәмізі көптеген халықтарда болмыстың жаңа сапасына өтумен, адамдардың бойында бұрын сонды болмаған қасиеттер мен түсініктердің қалыптасуымен байланыстырылады. Көптеген аңыздарда жер

бетін басқан топан судан кейінгі адамзат өмірі таумен байланыстырылады.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неге қалған...
Жетім бота үстінде жатып қалып,
Ойсылқара жануар содан қалған.
Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол «әулие» болмаса, неге қалған?

Сонымен қатар тау адамдардың күнәдан тазарып, кемелділікке жетуінің де рәмізі ретінде қарастырылады. Тау шыңына көтерілумен өзінің бойындағы пенделік сипаттар мен нәпсілік құмарлықтардан тазарудың арасындағы семантикалық үндестікті аңғаруға болады. Тибеттік Шамбала, қытайлық Куньлунь, үнділік Меру, түркілік Ергенекон ұқсас мәнділік пен рәміздік сипатқа ие. Бұл таулар осы халықтардың өніп-өскен табиғи аясы ғана емес, дүниені рухани-менталдық, мифтік-поэтикалық түйсінудің архетиптік-көмескі саналықтың бастауы.

Әлем халықтарының мифологиясында ғарыштық таумен қатар ғаламдық ағаш образы да жиі қолданылады. Ғарыштық тау мен ағаш өзара семантикалық байланыста болатын архетиптік образдар. Олардың негізгі түсіндірмелі функционалдық мәні – ғалам қабаттарын байланыстыру. Қазақ мифологиясында ол бәйтерек деп аталады. «Бәйтерек – ежелгі таным бойынша тылсым қасиетке ие алып ағаш. Бәйтерек байырғы орта түсінігінде жердің дәл кіндігінде өсетін, тамыры жерасты, діні адам әлемі, басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген алып ағаш. Мұндай ағаш үлгісі дәстүрлі қауымда мықан ағашы, мырзатерек, әулие ағаш, сетер тал делініп, пішіні мен мәніне қарай әртүрлі аталған. Бәйтерек ежелгі түркі сөзі, бәй «үлкен» деген сөз, «бай» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі (бәйбіше, бәйшешек), үлкен, алғашқы деген ұғымдарды, ал терек (парсы тілінде – дарак) «ағаш» деген ұғымды білдіреді. Демек, Бәйтерек екі сөздің бірігуінен жасалып, «зәулім ағаш» дегенді танытады» (Альбедиль, 2020: 12).

Ғаламық ағаш – бәйтерек қазақ аңыз-әңгімелері мен ертегілерінде кең таралған рәміз. Ол ежелгі адамдардың өзін қоршаған ғаламның пайда болуын мифологиялық пайымдауында маңызды рөл атқарады. Ертөстік ертегісінде басты кейіпкер бәйтеректің басына ұя салған самұрық құстың балапандарын жеп қоя беретін айдаһарды өлтіреді, сөйтіп өзге әлемге өтеді. Бұл жердегі үш образ ғаламның үш бөлігін бейнелейді. Айдаһар хтоникалық бастау, ауыз-

дықталмаған табиғат қуатын бейнелейді. Самұрық құс – ғаламның даму мүмкіндігін бойына жасырған идеалды бастау, бірақ ол осы үйлесімділікті жүзеге асыратын демиургты қажет етеді, ал Ертөстік хтоникалық қуатты ауыздықтап, ғаламның реттілігі мен заңдылығын, функционалдық тұтастығын қамтамасыз ететін басты космократор. Ежелгі үнді поэмасы «Рама» осындай космогониялық миф ретінде қарастыруға болады. Поэмада басты кейіпкер Рама хтоникалық бастауды бейнелейтін Равананы өлтіріп, Ситаны құтқарады. Қазақ ертегісіндегі Ертөстік пен үнді поэмасындағы Рама образдарының басты функциялары ғаламды жарату, оның сабақтастығы мен үйлесімділігін қамтамасыз ету. Екі кейіпкер де ұқсас оқиғаларды бастан кешеді, ғаламның ажырап қалған бөліктерін біріктіріп, тұтастығын қайта қалпына келтіреді (Рама әлемді жаратушы, үйлесімділік құдайы Вишнудың аватарасы болып сипатталуы осыған меңзейді). «Индуизм мифологиясының өзегін космогониялық мифтер құрайды. Мұны шартты түрде болмысы тарихпен байланысқан тарихи адамнан айырмашылығы мифологиялық адам әлемнің ғарышқа, әлемдік реттілікке бағытталғанымен түсіндіруге болады», – дейді М. Альбедиль (Альбедиль, 2020 : 12).

Зерттеушінің бұл ойы тек үнді мәдениетіне қатысты ғана емес, жалпы мифологиялық кезеңді қамтитын барлық халықтардың дүниетанымына тән сипат десек болады. Өйткені бұл кезеңдегі адам санасы мен танымының басты ұстанымы – ғарыштық тәртіп пен заңдылықтарды түйсініп және пайымдай отырып, өздерінің өмірін осы тәртіп пен заңдылықтарға сай ұйымдастыру. Мифтік адамның наным-сенімдері мен ритуалдары ғаламның тұтастығы мен үйлесімділігін сақтаудың адамзат болмысы үшін маңыздылығын түйсіктік бейсаналық сана формада қалыптастырады. Көне табулар мен ырымдар, рәсімдер осының бәрі адам тіршілігінің әлеуметтік және табиғи ортасының тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған. Хоас пен ретсіздікті мифтік адам өміріне төнген ең үлкен қауіп ретінде бағалайды. Мифтік адамның барлық іс-әрекеті, ақылы мен санасы бейберекетсіздіктің алдын алуға, оған жол бермеуге бағытталған. Мифтер мен ертегілерде ғаламның жаратылуы сипатталуымен қатар жаратылыстағы құдайлар мен адамдардың рөлі, зұлым күштермен күрес туралы архетиптік түсініктер мен образдарды үнемі жаңғырту арқылы адам өмірінің мәні мен мақсаты мәселесін тұрақты жаңғыртып отырады.

Қытай дүниетанымындағы дао, үнді мифологиясындағы рита, зороастризмдегі аша, көне грек философиясындағы логос осының бәрі ғарыштық тәртіп пен заңдылықты бейнелейді. Мифологиялық дүниетанымда ғаламды жаратқан құдайлардың өздері де бұл заңдылықтан тыс тұрмайды. «Ведалық гимндерде дүниенің үш бөлігі Рита (дәл мағынасында «заң, әлемдік тәртіп») атты қуатпен басқарылады делінеді. Ғаламның түп бастау және ондағы әрекет ететін заңдар Рита деп аталады. Гимндерде Ританың арқасында Күннің эклиптика бойынша қозғалатыны, жыл маусымдарының ауысатыны, түнгі қараңғылықтан таң ататыны айтылады. Тіпті құдайлардың өзі де оған бағынады. Алайда Рита адамдарға тәуелді. Бұл тәуелділік табиғи үдерістердің құрбандық амалдармен, ритуалдар циклімен байланыстылығы туралы мифологиялық идеядан туындайды. Ведалық дүниетанымда ғарыштық құрлымның ырғақты қызметі құдайлар мен адамдардың құрбандық шалудың жылдық цикліне қатысумен байланыстырылады. Сол арқылы олар ғарыштық қозғалысты қайта қалпына келтіретін күштерді қуаттандырып отырады» (Канаева, 2008: 31). Яғни, ритуал әр жыл сайын космогониялық мифті жаңғыртып отырады, ал қауым мүшелері бастапқы космократорлардың іс-әрекеттерін қайталау арқылы ғаламның бастапқы жаратылуына қатысты болады, белгілі бір мөлшерде әрбір қауым мүшесі космократорлық қызмет атқарады. Ритуалдың мәні – партиципация принципін жүзеге асыру, яғни әрбір қауым мүшесінің бойында алғашқы жаратылысқа қатыстылық сезімін жаңғырту. Партиципация ғаламдағы әмбебапты байланыстар мен қатынастарды мистикалық пайымдау тәжірибесі, ол адамды осы байланыстар мен қатынастар жүйесіне енгізеді. Партиципация барысында адам санасында мифологиялық образдар, қасиетті уақыт пен кеңістік, қасиетті заттар мен іс-әрекеттер туралы түсініктер қайта жаңғырады.

Ілкі қазақ және ежелгі үнді дүниетанымындағы діни рәсімдер мен ритуалдар жүйесіндегі аналогиялар мен сабақтастықтар

Діни жүйелерде ритуал мифпен қатар жүреді және миф архетиптік ритуалдық актінің интерпретациясы ретінде қарастырылады. Дамыған культтік жүйелерде ритуал мифке қатысты қосалқы элемент ретінде көрініс береді, бірақ дербес мағынаға ие болады. Адамзат тарихының ең ерте кезеңдерінде ритуал адамның өзін қоршаған әлем мен қауымдастарына деген қатынасын білдірудің формасы болды. Бірқатар зерт-

теушілер тілдің қалыптасу ортасы күнделікті тұрмыс емес, рудың экстатиқалық ритуалдары болған және осы экстатиқалық ритуалдардың барысында қасиетті есімдердің асқақ тілі қалыптасады деп тұжырымдайды. Ал тіл рудың ритуалдық бас қосуларының арасындағы ритуалды алмастырады деген пікірді алға тартады. Белгілі бір ережелерге сай құрастырылған рәміздік жүйе болып табылатын тіл сияқты ритуалда – рәміздік актілердің жүйесі және олда белгілі бір тәртіпке сай ұйымдастырылады. Ритуал мен тіл арасындағы ұқсастықтарды ритуалды жүрістүресті түсіндірудің тарихи талпыныстарынан көре аламыз. Бұл түсіндірмелердің басым көпшілігінде тіл ритуалдың мәнімен байланысты маңызды фактор ретінде қарастырылады. Бұл жерде мәселе тілдің нақты формасы – миф тіліне қатысты болып отыр.

Мифтерде ғарыш пен адамзаттың, құдайлардың және сондай-ақ әлеуметтік институттардың пайда болуы туралы айтылады. Ал ритуалдың кейбір эпизодтары осы алғашқы уақыттағы оқиғаларды (мифте баяндалған) қайтадан қалпына келтіре отырып, оларды осы күнгі (ритуалдық уақыттағы) қауым мәселелерін шешуге бағыттауға талпынады. Миф пен ритуал кез-келген дін теориясының іргелі ұғымдары. Ритуал – діннің тілі. Дін феноменологиясының дәстүрлі түсінігінде ритуал діннің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып келсе, қазіргі уақытта дін ритуалдық универсумның (кеңістіктің) бір бөлігі ретінде қарастырылады. Адамзат тарихындағы ең көне және кең таралған құлшылық формасы – құрбандық шалу ритуалдары.

Үнді мәдениетінде құрбандық шалу рәсімі – қатаң ритуалдықты талап ететін, маңызды рухани акт. Ведалық дүниетанымда яджна (құрбандық шалу) қоғам мен адамның игілігі үшін жасалатын, ғаламды қирау мен бейберекетсіздіктен сақтайтын маңызды ритуалдық әрекет ретінде қарастырылады. Ригведада ғарыштық адам Пурушаның өзін құрбандыққа шалуы және оның денесінің әртүрлі бөліктерінен аспан денелері мен жан-жануарлар, ал тыныс алуынан табиғи құбылыстарының пайда болғаны туралы айтылады.

Ригведа гимніне сәйкес, әлем Пурушаның өзін өз еркімен құрбандыққа шалу үдерісінің нәтижесі. Яғни ведалық дүниетаным құрбандық шалу мен ғаламның жаратылуын бір-бірімен тығыз байланыста қарастрады. Ғалам құрбандық шалудың жемісі және сонымен қатар құрбандық адам мен адамның игілігі үшін жасалған ізгі амал. Құрбандық шалу құдайлардың дүниені

жарату актісі, сондықтан адамдар осы амалды орындау арқылы құдайлармен байланыс орнатып, қасиеттілікке қатысты болады. Ведалық дүниетанымның брахмандық сенімге трансформациялануы барысында Пуруша туралы мифтің мазмұны да өзгеріске ұшырайды. Пурушаның құрбандыққа шалынуына тек құдайлар ғана емес, брахмандардың да қатысы бар екені баяндалады:

Әу баста туған Пурушан
Құдайларлар және садхья ришалар
Құрбандыққа шалады (Кая, 2018: 891).

Автордың тұжырымдауынша бұл үнді қоғамындағы брахмандардың қасиетті статусының артуымен байланысты. «Пуруша» гимнінің авторы ескі ритуалдық түсініктердің мазмұнына жана түсініктерді енгізуге талпынады. Оның нұсқасына сай барлық болмыстың жаратушы “принцип тетігі”, қозғалыс пен дамудың қайнар көзі Пуруша емес, оның денесінің ритуалдық бөлшектенуі болып табылады, оның денесінің әртүрлі бөлшектері алдымен гимндерді, жыр өлшемдері мен құрбандық формулаларын, тек содан кейін ғана арғымақтар мен өгіздерді, адам сословиелерін, ведалық құдайларды және болмыстың басқа да құрылымдарын жаратады (Кая, 2018: 891). Ежелгі үнді қоғамының архаикалықтан дәстүрлі касталық қоғамға өтуі тек брахмандар кастасының әлеуметтік статусының нығаяумен, ықпалының күшеюімен ғана емес, космологиялық мифтік түсініктерінің трансформациялануымен де сабақтасады. Мифологиялық санамен салыстырғанда брахмандық діни сана жаратылыстағы идеалды бастаулардың маңыздылығын негіздеуге және дәйектеуге талпынады. Бұл әрекет қалыптасқан мифтік ритуалдық формада көрініс бергенімен, оның мазмұндық сипаты касталық қоғамның қажеттіліктеріне бейімделеді. Ендігі кезекте Пурушаның құрбандығы ғаламдық тәртіп пен үйлесімділіктің, тепе-теңдіктің алғышарты әрі рәміздік бейнесі болып табылса, брахман осы құрбандықтың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін және сол арқылы әлеуметтік тәртіп пен заңдылықтың кепілдендіретін қасиетті сипатқа ие болады.

Ригведада құрбандықтың адамзатқа игілік ретінде қайтып оралатыны айтылады. Игілік құдайдың немесе құдайлардың адамдардың құрбандық ниетін қабыл алып, оларға рыздықтар жіберуімен ғана сипатталмайды. Біз бұл жерде құрбандықтың психологиялық және әлеуметтік аспектілеріне де назар аударуымыз қажет.

Біқатар зерттеушілердің тұжырымдауынша құрбандық индивидтердің бойындағы жағымсыз психологиялық кернеудің жағымды әлеуметтік әрекетке немес қатынасқа сублимациялануына алып келеді, яғни жағымсыз эмоциялар мен көңіл-күйлерден арылып, индивидтің қалыпты қызмет етуінің психикалық алғышарттарын қамтамасыз етеді. Мысалы, француз зерттеушісі Р. Жирар құрбандық шалу феноменін зорлық-зомбылық ұғымымен байланыстырады. Құрбандық шалу қауымдағы негативті психофизиологиялық кернеулер негізінде пайда болатын зорлық-зомбылықтардың алдына алады немесе бейтараптандырады. Міне, сондықтан құрбандық шалу кез-келген алғашқы қауымдық қоғамда маңызды әлеуметтік-психологиялық амал ретінде қарастырылады.

Құрбандық шалудың тағы бір маңызды қыры – қауым мүшелерінің ынтымақтастығын арттыру, әлеуметтік коммуникацияны мен байланыстарды нығайту және қауымның жас мүшелерінің әлеуметтенуін қамтамасыз ету. Құрбандықтың бұл аспектілері Э. Дюркгеймнің және басқа да әлеуметтанушылардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылады. Құрбандықты қасиеттендіру, оны нақты әлеуметтік шындықтан киелі рәміздік шындыққа ығыстыру алғашқы қауымдық қоғам мен адамның рухани-менталдық, психоэмоционалдық және әлеуметтік өмірінің маңызды құрамы және тиімді қызмет етуінің алғышарты болып табылады. «Тәңіршіл түркілер тұрмыстағы, рудағы, елдегі тыныштық зұлым күштердің ықпалынан бүлінеді немесе бүлінуі мүмкін деп сенеді. Бұзылған тыныштық құдайлар мен рухтарға құрбандық шалу арқылы қалпына келеді» (Безертинов, 2004 : 192).

Ежелгі түркілердің мифологиялық түсінігінде құрбандық шалу ғаламның жаратылуы және тұтастығы туралы алғашқы космологиялық түсініктермен тығыз байланысты. Бұл құрбандықтың үшке бөлінуімен және сүйектерінің жерге немесе суға тасталуы, етін қауым мүшелерінің жеуімен, ал терісі мен бас сүйегінің ағаш басында қалдырылуымен түсіндіріледі.

Ілкі қазақ дүниетанымындағы құрбандық шалу феномені ата-баба аруағын қастерлеу салтымен тығыз байланысты. Көптеген әлем халықтарындағы тәрізді қазақтарда ата-баба культі кең таралған.

Ілкі қазақ және ежелгі үнді халықтарының көне діни нанымдарындағы үндестік

Қазіргі қазақ халқының мәдениеті мен діни наным-сенімдерінде Қазақстан территориясын мекендеген сак тайпаларынан бастау алатын

мифологиялық түсініктер мен ритуалдық рәсімдердің нышандары көптеп кездеседі. Сақтар көптеген аңыз-әңгімелерді, мифтерді дүниеге әкелді. Бұл мифтерде олардың космологиялық, антропогенездік, натурфилософиялық көзқарастары көрініс тапты, мәдени қарым-қатынас (әскери жорықтар, сауда керуендері және т.б.) барысында олардың мифологиясы басқа халықтарға белгілі болады, бұл халықтар сақтардың мифтерін өз тілдеріне аударды және өз дүниетанымы тұрғысынан қабылдады. Мұның өзі сақтар мифологиясының қайта өңделуіне, тіпті белгілі дәрежеде бұрмалануына әкеліп соқты.

Сақтар өздерінің шығу тегін Тарғытай туралы аңызбен байланыстырады. Аталмыш аңызға сай иесіз шөл далада аспан мен жер құдайлары, ерлі-зайыпты Панал мен Апидің некесінен алғашқы адам Тарғытай дүниеге келеді. Тарғытай туралы аңызда сақтардың генеологиясы ғана емес, сонымен бірге космологиялық көзқарастары да көрініс тапқан. Тарғытайдың дүниеге келуі хаостан гармонияның тууын рәміздейді, бұл тақырып кейіннен барлық түркі халықтары эпосының негізгі желісін құрайды. Аңыздағы Панал жоғарғы әлемді, ал Апи төменгі әлемді рәміздесе, Тарғытай образы осы аталған екі әлемді біріктіруші, оған тұтастық сипат беретін рәміз, яғни аталған үштік космостың үш деңгейін білдіреді. Ежелгі үнді мәдениетіндегі Ведалар сияқты сақтардың мифологиясы да әлемді түсіну мен танудың өзіндік формасы болып табылады.

Сақ мифологиясындағы Тарғытай бейнесін ежелгі үнді дастаны «Махабхаратадағы» Вишнудың аватарасы Кришнамен салыстыру ежелгі халықтардың ғалам мен оның жаратылуы туралы түсініктеріндегі ұқсастықтарды айшықтай түседі. Махабхаратада Кришнаның бала кезінде топырақ жеп отырғанын көрген Яшода оның аузын топырақтан тазартпақ болғанда оның аузынан үш әлемді көреді. Тарғытай сияқты Кришнада адам кейпіне еніп, адамдар мен құдайлар әлемін байланыстырып отырады.

Сақтардың дүниені қабылдауында, дүние түйсінуінде анимистік түсініктер маңызды орын алды. Оларда «діннің қалыптасуының негізінде рухтар, жан туралы бастапқы діни көзқарастар жатты» (Орынбеков, 1997: 14). Шыңғысхан туралы аңызда «Шыңғысханның әкесі Дүйін-Баян өлер алдында, әйелі Алангүге оған жарық, нұр ретінде келіп, көкжал бөрі кейпінде кететінін айтады, кетерінде Шыңғыс, – деп шақырады, сөйтіп Алангүден Шыңғыс туады. Аңызға сай, қазақтардың ілкі тегі Алаша хан да күн нұрынан жаралған» (Акатаев, 1995: 110).

Түркі түсінігінде аруақтар, тотемдер бейнесінде де көрінуі мүмкін. Мысалы, Абылай хан өзінің киесі ретінде қызыл түлкіні пір тұтқан. Адам есімі ретінде кездесетін жан-жануарлар аттары да осы наным-сенімдердің нышаны болса керек, Оғыз-Наме дастанындағы Оғыз хан есімінің негізінде тотемдік сенім жатыр.

Тамғалы сайдан табылған тастардағы өгізге мінген солярыйлер олардың тотем-өгізбен иерогамды қосылуын бейнелейтін суреттер бұл жануардың кезінде киелі саналып, кең тарағанын көрсетеді. Қазақ мифологиясында сиыр иесі Зеңгі баба туралы аңыздардың түрлі нұсқаларын кездестіруге болады. «Түркі халықтары өгізді киелі жануар деп ұғынған. «Оғызнама» дастанындағы Оғыздың туылуының өзін өгізбен байланыстырады. Оғыз тайпаларының атауының өзі осы өгізге байланысты туған десек, оның ар жағында сол тайпалардың кезінде өгізге тотемдік наным кезінде жаратушылардың бірі ретінде табынғандығын көрсетеді. Оғыз-қыпшақ одағы кезінен қалған асыл мұрамыз «Қорқыт ата кітабындағы» батыр Бұқаштың есімін Қорқыт «өгіз сияқты болсын, өгізді жеңгені үшін баланың аты Бұқаш болсын» деуінің сыры мифологиялық түсініктен келіп шығатындығын көреміз» (Қортабаева, 2019: 150). Түркілер арасында ислам таралған уақыттарда көне мифологиялық түсініктер жаңа мазмұнға ие болып, исламдық дүниетанымға кіріктіріледі. Зеңбі баба сопылықтағы танымал пір ретінде қабылданып, исламды түркілер арасында таратқан әулие сипатына ие болады. «Зеңгі Атаның көрінісі қарапайым, дәруіш секілді болып, адамдардың сиырын бағып, падашылық етіп, ғаріптік өмір кешіреді. Зеңгінің күнделікті өмірі сахарада пада бағумен өткендіктен ол намазды да қыр-адырларда оқитын болған. Намаздан кейін зікір айтумен шұғылданған екен. Сол кезде сиырлар жайылуын тоқтатып тұратын болған. Өзбекше айырым басылымдарда хикая етуге қарағанда Шаш ұлаятынан шыққан ұлы машайық Зеңгі Атаға жергілікті халық үлкен құрмет көрсетіп, Зеңгі Баба деп атаған екен. Зеңгінің көптеген мүридтері, мухлистері (ықыластантанушылары) және шәкірттері болған. Олардың ішінде төртеуі – Ұзын Хасан ата, Сайид ата, Садр ата (садриддин) және Бадр ата (Бадриддин) атақты машайықтар дәрежесіне жетеді».

Ірі қара малының қасиеттілігі туралы аңыз әңгімелерді көптеген халықтардың діни наным-сенімдерінен кездестіруге болады. Зороастризмнің қасиетті кітабы – Авестада Заратуштраны өгіздің табынға таптатпай аман алып

қалғандығы туралы айтылады. Түркі-парсы мәдени ареалымен салыстырғанда үнді мәдениеті мифологиялық түсініктер мен образдардың архетиптік мәні мен мазмұнын сақтап қалуымен ерекшеленеді. Үнді халқының діни наным-сенімінде Шива Нанди атты өгізге мініп жүреді. Нанди Шиваның ғаламды аралайтын мініс көлігі ғана емес, ақылшысы ретінде де сипатталады. Тағы бір үнділердің мифтерінде құдайлар ғаламдық өгіз Вираздың денесінен әлемнің түрлі бөліктерін жаратады. Үнді мифологиясында сиыр асыраушы ана образымен байланыстырылады. Бұл тек үнді халқының ғана емес, көптеген үнді-еуропалық халықтарға тән көне архетиптік образ болып табылады. Мұның айқын көрінісі – «тоқшылық мүйізі» туралы мифтер топтамасы. Барлық аңызда жан-жануар ілкі тек-тотем, алайда құдай емес. Ол трансцендентті руханилық немесе құдай (құдайлар) мен әлеуметтік топты жалғастырушы аралық – делдал, медиатор. Ілкі қазақ мифологиясында медиатор қызметі қанат-тытұлпарға, ал үндіеурпалық халықтарда қа-сиетті бұқа немесе өгізге таңылады.

Анимизм белгілері табиғатты құдіреттендіруден ғана емес, ата-баба аруағына табынудан, яғни генотиптік көзқарастардан да көрінеді, қайтыс болған адаммен бірге оның қолданған заттарын, мінген атын, кейде тіпті әйелі мен құлқұндерін бірге жерлеу, о дүние туралы, жанның мәңгілігі туралы түсініктермен қатар пайда болып, дамыды. Қазақтардың мифологиялық және архетиптік тарихи даму кезеңдерінде генотиптік діни жүйелер басым болды. Генотиптік діни жүйе деп рулық-тайпалық қауымға тән арғы ата текті қастерлеп, оларды жаратушы және қоғамдық өмірдің барлық салаларында шешуші күш ретінде қабылдайтын сенімдер мен нанымдардың бірлігін айтады. Артында қалған ұрпағы о дүниелік болған адамның аруағын риза етуді парыз санаған. «Өлі разы болмай, тірі байымайды», деген халық мақалында аруаққа деген көзқарас айқын көрініс тапқан. Ш. Уәлиханов бұл сенім жайында, «қазақтар аруақтар өзінің ұрпақтарын, руластарын қолдайды деп сенген, кез-келген табыс аруақтардың қол-дауымен болады деп есептеген», – деп жазды (Уәлиханов, 1985: 154-155).

Үнді халқының діни наным-сенімдер жүйесінде ата-баба культі түркі халықтарындағыдай кең таралмағанымен маңызды орын алады. Патриархалды қауымның қалыптасуы мен туысқандық жүйесінің күрделенуі, тайпалық одақтардың пайда болуы діни наным-сенім мазмұнының да өзгеруіне алып келді. Үнділердің

діни наным-сеніміндегі ата-баба культі туралы алғашқы деректерді Ригведадан кездестіреміз: «О, әкелер Бархишадтар (жасыл шүйгін шөпке жайғасқан), біз сендерден қолдауларыңды сұраймыз. Өздеріңе бағышталған құрбандықтың рахатына бөленіңдер. Бізді қолдап, зұлымдық пен күнәдан бізді қорғандар» (Кая, 2018: 891). Ата-баба культі жалпы ұлттық деңгейде политеистік сенімдермен тең тұрмағанымен отбасылық діни рәсімдер мен ритуалдарда терең тамыр жайған. Ортағасырлық үнділердің құқықтық құжаттарын талдау ата-баба культінің үнділердің отбасылық қатынастарында маңызды рөл атқарғанын аңғартады. Неке институттары, бала асырап алу, мұрагерлік негізгі мақсат – ата бабаны қастерлеуге, соларға арналған құлшылық рәсімдерін үздіксіз атқаруға бағытталды. Ата-баба культі отбасының материалдық және рухани әл-ауқатының кепілі саналды.

Үнді халқының діни наным-сенімінде орталық орын алатын және моралдық-этикалық көзқарасының өзегін құрайтын түсініктер реинкарнация туралы идеяларымен байланысты. Реинкарнация сансара, мокша, дхарма, карма және ахимса сияқты ұғымдар кешенімен сабақтасады. Жанның көшіп-қонуы, басқа денеге бітуі адам-зат тарихының ертекезеңдеріндегі анимизм, тотемизм, магиямен қатар қалыптасып, дамыған түсініктер жиынтығын құрайды. Алайда, тек үнділердің діни наным-сенімдер жүйесінде ғана жан-жақты дәйектелген, концептуалданған сипатқа ие болады. Дегенмен әлем халықтарының барлығында, соның ішінде қазақ халқының ежелгі архетиптік діни түсініктерінде де мұндай идеялардың нышандары сақталған. Ілкі қазақ дүниетанымдық түсінігінде қайтқан адам рухы тек түске еніп қана қоймайды, күнделікті тұрмыста да әртүрлі жан-жануарлар бейнесінде өз отбасына келіп тұрады. Киелі құстар мен аңдар туралы аңыздар осындай сенімнен туса керек, сондықтан оларды өлтіруге тиым салынған. Қарлығаштардың әр жыл сайын ескі ұясына қайтып оралуы жақсы ырым саналады, ол аруақтың осы үйді қорып, жаманшылықтан сақтап жүргенін білдіретін болған (Маргулан, 1966: 294).

Қазақ мифологиясы мен ертегілерін талдау осы тұжырымымызды айғақтай түседі. Сол сияқты қазақ хандары белгілі бір аңдарды (мысалы, Абылай қызыл түлкіні) пірім деп атайды және аң немесе құс кейпінде түсінде көрінген ата бабалары ұрпақтарына қамқор болады деп сенеді. Таухидтық сенімді, яғни қатаң монотеизмді насихаттайтын ислам қазақ

тайпаларының арасында кең таралғанда архаикалық наным-сенімдер ырымдар мен табулар, ұлттық рәсімдер мен салт-дәстүрлер сипатында халық дүниетанымы мен ұжымдық санасында сақталып қалады.

Ведалық дүниетанымда ізгі істерімен отбасының жадында сақталған ата-бабалардың рухы ғаламның үшінші деңгейіндегі ерекше әлемді мекендейді. Упанишадтарда үш әлемнің: адамдар әлемі, ата-бабалар әлемі және құдайлар әлемінің бар екендігі, сонымен қатар аспан үсті және жер асты әлемдерінің жеті қабаттан тұратыны айтылады. Ілкі қазақ дүниетанымында да жеті қабат аспан және жеті қабат жер асты туралы түсініктер сақталған.

Шамандық діндегі төменгі әлемді суреттеу ведалық дүниетанымдағы төменгі әлем қабаттарын түсіреді. Алтайлық мифологияда жер асты (төменгі әлем – З.Қ.) зұлым рухтар мен өліктер мекендейтін тұрақ деп қарастырылады. Ведаларда ғаламның төменгі қабатын мекендейтін асуралар бейнесіндегі адамның жамандықтары мен зұлым ниеттері оны орап алады. Адам жанының өлімнен кейінгі халі оның кармасына және санасының ахуалына байланысты. Джайнизмде төменгі әлемі тозақты сипаттайтын пирамидалық жеті қабаттан тұрады. Ластыққа толы тозақ әлемін бір бірін айуандықпен азаптайтын тіршілік иелері мекендейді.

Нәтижелері және талқылама

Көне түркілік және үнділердің мифологиялық түсініктерді, архетиптік образдар мен рәміздерді зерттеу олардың ұқсас тұстары мен өзіндік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Алайда, монотеистік ислам дінін қабылдау барысында ілкі қазақ дүниетанымына тән көптеген ежелгі наным-сенімдер мен архетиптік түсініктер бейсаналық қабаттарға ығысады. Дегенмен, бұл рухани паттерндер әдет-ғұрыптар мен рәсімдерде сақталып, қазіргі қазақ менталитеті мен мәдениетінің ұлттық кодын құрайды.

Ежелгі үнді қоғамындағы брахмандар мен ілкі қазақ тайпаларындағы шамандардың діни-әлеуметтік рөлі мен қызметін салыстырмалы талдау олардың арасындағы ұқсастықтарды айқындайды. Брахмандар сияқты шамандық сенімді ұстанатын қауым да діни қажеттіліктерін атқарып, діни наным-сенімнің сақтаушысы ретінде қауымдағы мәдени сабақтастықты жүзеге асырады. Қауымдағы барлық діни ритуалдардың орындалуын қадағалау шамандардың

қауымдағы әлеуметтік статусын жоғарлатып, беделін арттырады. Қауымдық өмірдің күрделеніп, тайпалық одақтардың қалыптасуы үдерісі әлеуметтік топ ретіндегі шамандардың дифференциациялануына алып келеді.

Қорытынды

Ведалық мифологиядағы ғалам суреттемесі мен ілкі қазақ дүниетанымындағы космологиялық түсініктерді, рәміздік образдарды өзара салыстыру ғаламдық тау, бәйтерек, алғашқы адам – космократор сияқты ортақ архетиптердің бар екенін айқындайды. Ал брахманизм мен шаманизмдегі құдайлар пантеонын, демонологиясын зерттеу жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық туралы көзқарастардың адамның тұрмыс-тіршілігі немесе шаруашылық

әрекетінен емес, жалпы адамзатқа ортақ рухани патерндерден туындағанын байқатады. Мифтерде адамзат өзінің бірлігі мен тұтастығын көмескі саналық архетиптік образдар мен рәміздерде пайымдайды. Ал жекеленген адамзат қауымдастықтарының болмыс тәсілі мен әлеуметтік қатынастары жүйесі аталған образдар мен рәміздерді қайталанбас этноқауымдық формада сипаттайды. Сондықтан ежелгі мифтер мен алғашқы діни наным-сенімдер адамзаттың рухани тамырларының ортақ қайнарлардан өсіп дамығанын айғақтайды деп үлкен сеніммен айта аламыз.

Бұл зерттеу ҚР БЖҒМ-ның қаржыландыруымен АР09260492 «Қазақ және үнді халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы рухани негіздер (діни-философиялық синкретизм)» атты жоба аясында әзірленді.

Әдебиеттер

- Кава, К. (2018) Rigveda. – İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları. – 891.
- Акатаев С.Н. (1995) Мировоззренческий синкретизм казахов. Диссертация на соискание ученой степени доктора философских наук. – 110.
- Альбедиль М.Ф. (2020) Репрезентация мифа в традиционной индийской культуре. Вестник СПбУ Востоковедения и Африканистики. Т12. Вып 2. <https://dspace.spbu.ru/bitstream>
- Безертинов Р.Н. (2004) Тэнгрианство – религия тюрков и монгол: Научно-популярное издан., 2-е изд., доп. – Казань: Слово. – 192.
- Канаева Н.А. (2008) Индийская философия в древности средневековья. – М.: ИФРАН. – 31.
- Қортабаева Г.К. (2019) Түркі мифологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. – 150.
- Львова Э.Л. и др. (1988) Традиционное мировоззрение народов Южной Сибири. Пространство и время. Вещный мир. – Новосибирск: Наука. Сиб. отд.-ние. – 18.
- Максименко Л.А. (2001) Космология в культуре: философско-антропологическое осмысление. Автореферат на соискание ученой степени доктора философских наук. – Омск: ОГПУ. – 14.
- Маргулан А.Х. (1966) Древняя культура центрального Казахстана. – А.: Изд-во АН КазССР. – 294.
- Орынбеков М.С. (1997) История философской и общественной мысли Казахстана (с древнейших времен по XII в.). – А.: Институт развития Казахстана. – 14.
- Топоров В.Н. (1980) Гора /Мифы народов мира. Т. 1. – М.: Советская Энциклопедия. – 311-315.
- Уәлиханов Ш. (1985) Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы. – 154-155.
- Яблоков И.Н. (2000) Религиоведение Словарь минимум. – М.: Гардарики. – 96.

References

- Akataev S.N. (1995) Mirovozrencheskii sinkretizm kazakhov [Worldview syncretism of the Kazakhs]. Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy. – 110. (in Russian)
- Albedil M.F. (2020) Reprerentasiya mifa v tradisionnoi indiiskoi culture [Representation of myth in traditional Indian culture]. <https://dspace.spbu.ru/bitstream> (in Russian)
- Bezertinov R.N. (2004) Tenfrianstvo – religiya turkov I mongol [Tengrianism – the religion of the Turks and the Mongols]. Scientific-popular edition., 2nd edition, dop.– Kazan, Slovo. – 192. (in Russian)
- Kanayeva N.A. (2008) Indiskaya filosofya v drevnosti srednevekovaya [Indian philosophy in the Middle Ages]. – M: IFRAN. – 31. (in Russian)
- Kaya, K. (2018) Rigveda. [Rigveda] – İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları. – 891. (in Turkish)
- Kortabaeva G.K. (2019) Turki mifologiyasi: oku kurali [Turkic mythology: textbook]. Almaty: Kazakh University. – 150.
- Lvova EL. et all. (1988) Tradisyonnie mirovozreniye narodov Ujnoi Sibiri [Traditional worldview of the peoples of Southern Siberia]. Space and time. Real world. Novosibirsk: Science. Sib. otd.-nie. – 18. (in Russian)
- Maksimenko L.A. (2011) Kosmologiya v culture: filosofsko-antropologicheskiye osmisleniye [Cosmology in culture: philosophical and anthropological understanding]. Abstract on the application of the degree of Doctor of Philosophy. Omsk. – 14. (in Russian)

Margulan A.H. (1966) Drevnaya kultura sentralnogo Kazakhstana [Ancient culture of central Kazakhstan]. A. : Izd-vo AN KazSSR. – 294. (in Russian)

Orynbekov M.S. (1997) Istoriya filosofskoi i obshchestvennoi misli Kazakhstana (s drevneishih vremen po XII v.) [History of philosophical and social thought of Kazakhstan (since ancient times in the XII century)]. – A. : Institute of Development of Kazakhstan. – 14. (in Russian)

Toporov V.N. (1980) Gora /Mifi narodov mira. T 1. [Mountains / Myths of the peoples of the world. Vol 1]. M.: Soviet Encyclopedia. – 311-315. (in Russian)

Yablokov Y.N. (2000) Religiovedeniye Slovar minimum [Religion Science Dictionary minimum]. – M: Gardariki. – 96.